

ХАЛҚЫ ҚАДІРЛЕГЕН ҚАЛАМГЕР

Биыл талантты ақын жерлесіміз, білім беру саласының үздігі, ҚР мұғалімдер кәсіподағының үздік қызметкері, «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері Т.Амандықұлы 70 жасқа толып отыр. Өмірін өлеңге арнап, оқырманын бірден өзіне баурап алатын жыр кітаптарын жазған ақын мерейтойын атап өту аудан көлемінде басталып та кетті. Білім беру мектептері ақынмен кездесулер өткізіп, мәдениет мекемелері түрлі рухани іс-шараларды өткізуді жоспарлауда.

Жуырда Шет аудандық археологиялық-этнографиялық музейінің ұйымдастыруымен аталмыш мекеме қабырғасында «Халқы сүйген қарымды қаламгер» атты тағы бір поэзиялық кеш өтті. Ақынның өмірлік жары Бақыт жеңгеміз, аға-бауыр замандастары мен білім берген ұстаздары, мұғалімдер мен оқушылар, аудандық орталық кітапхана қызметкерлері қатысқан көрнекті шарада «Ақын - елдің ардағы» атты кітап көрмесі мен фотосуреттер көрмесі ұйымдастырылып, ақын өмірі мен шығармашылығынан сыр шертетін бейнеролик экран арқылы көрсетілді. Жыр кешіне арнайы шақырылған аудан әкімінің орынбасары А.Әбілдин ақын ағамызды желкенді жетпіс жасымен құттықтап, ақын тойын кең көлемде атап өту жыл бойы жалғасын таба беретінін жеткізіп, қазақы көдемен иығына оқалы шапан жапты. Сонымен қатар,

Тезекбай ағамыздың досы, ақын З.Сүйіндікұлының жары А.Рақымжанқызы, «Білім беру саласының үздігі», «Еңбек ардагері» зейнеткер ұстаз М.Әбдірахманова, аудан ақсақалдары Қ.Сейілбеков, Е.Кенжебаев, Б.Хамзин, «Ұлағат» қазақ тілі қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Е.Жәнібеков сөз кезегін алып, жылы лебіздерін білдірді. Кеш барысында Т.Амандықұлының өнердегі інісі, белгілі сазгер, күйші, С.Мұхамеджанов атындағы өнер

төңірегінде ақынның ізін басып, қара өлеңін үлгі етіп өсіп келе жатқан талантты інілері мен ақын қарындастары жетерлік. Солардың бірі аудандық орталық кітапхана қызметкері, жас ақын Т.Айтболатқызы ақынның тойына жырдан шашу шашып, көпшілік көңілінен шыға білді. Өң бойынды балқытар өлең оқылып, салықалы сұхбат құрылған шарада оқушылар ақын әкелеріне деген сурақтарын қойып, тұщымды жауаптарға ие болды.



мектебінің ұстазы Қ.Мұстафин күмбірлете күй төксе, аудандық Ж.Ақылбаев, Ы.Алтынсарин атындағы мектептің оқушылары ақынның әр жылдары жазылған өлеңдерін оқып, дәстүрлі әнші Д.Исабаев «Сары бидай», «Сайра бұлбұл» әндерін әуелете шырады. Бүгінгі күні Шет өлкесі

Шара соңында аудандық археологиялық-этнографиялық музейінің директоры С.Қамытбаева ақынға музей ұжымы атынан «Құттықтау хат» пен ақынның жары Бақыт жеңгемізге естелік сыйлық табыс етті.

И.МҰХАМЕДИЯҰЛЫ.